

Это доказывает стремление Блока-поэта думать о человечестве, о людях, о том, как уничтожить зло на земле. Данная позиция эволюционирует в течение всего творческого пути поэта.

Таким образом, мы рассмотрели особенности художественного мира лирики Блока, опирающегося на ключевые мировые пространственные мифологемы, главной функцией которых является представить пространство лирических героев, их мироощущение, душевное состояние, и, в целом, пространственно организованный мир в сознании самого поэта, тем самым, отражая проблематику произведений, и вбирая в себя концептуальные схемы движения авторской мысли.

#### **Список литературы:**

1. Блок А.А. Полное собрание сочинений. В 8 томах. - М.-Л., 1962
2. Левинтон Г. А. Заметки о фольклоризме Блока // Миф - фольклор - литература. Л., 1978., с. 171-186.
3. Лотман Ю. М. Структура художественного текста. - М.: Искусство. - 1970. - 384 с.
4. Максимов Д.Е. О мифопоэтическом начале в лирике Блока // III Блоковский сборник. Творчество А.А. Блока и русская культура XX века. - Тарту, 1973
5. Минц З.Г. Лирика Александра Блока: Спецкурс. Лекции для студентов заочного отделения. Вып.: 1898-1906 / Тартуский государственный университет. – 1965.
6. Минц З.Г. Поэтика Блока. - СПб: «Искусство-СПБ». - 1999. - 727 с.
7. Орлов В.Н. Гамаюн: Жизнь Александра Блока. - М.: Известия, 1981. – 710 с.
8. Пыхтина Ю.Г., Якимов П.А. Уровневый анализ пространственных образов и моделей в художественной литературе // Вестник Оренбургского государственного университета. - 20017. - №11.

УДК 512.55

## **ӘЛ-ФАРАБИ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

**Кайратова Н.К , Оразгали А.А**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекетік педагогикалық университеті  
Қостанай қаласы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Әл-Фарабидың еңбектері бойынша білім беру негіздері, оқытудағы әдістері, тәрбие формасы, оқушы мен ұстаз арасындағы қарым-қатынастары және олардың қасиеттері қарастырылды. Әл-Фараби бойынша оқу жоспарын жіктеу формалары көрсетілді. Философиялық жүйе тұрғысынан Әл-Фарабидың білімге деген көзқарасының аспектілері анықталды. Мақалада «Екінші ұстаздың» әдістерін қазіргі заманда пайдалану туралы баяндалды.

**Түйін сөздер:** тәрбие, оқыту, дискурс, демонстрация, нұсқаулық, зияткер, логика, сенсорлық қабілет.

**Аннотация:** В данной статье рассматривались основы образования по трудам Аль-Фараби, методы обучения, формы воспитания, отношения между учеником и учителем и их свойства. Были представлены формы классификации учебного плана по Аль-Фараби. С точки зрения философской системы были определены аспекты мировоззрения Аль-Фараби к знаниям. В статье рассказывается об использовании современных методов "второго учителя".

**Ключевые слова:** воспитание, обучение, дискурс, демонстрация, инструкция, элита, логика, сенсорные способности.

**Annotation:** This article discusses the basics of education based on the works of al-Farabi, teaching methods, forms of education, the relationship between student and teacher and their properties. The forms of classification of the al-Farabi curriculum were presented. From the point of view of the philosophical system, the aspects of al-Farabi's worldview to knowledge were defined. The article describes the use of modern methods of "second teacher".

**Key words:** education, training, discourse, demonstration, instruction, elite, logic, sensory abilities.

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Отырар қаласында (Қазіргі Қазақстан Түркістан облысының Отырар қаласында) Арыс өзенінің Сырдарияға құятын жерінде дүниеге келген, сол кезде қала ірі саяси, сауда және экономикалық орталық болған. Аңыз бойынша, Отырар құлағанға дейін ол жерде үлкен кітапхана орналасқан. Оның құрылуына Әл-Фараби ат салысқан болса керек. Көп жылдар бойы философ Бағдатта - Араб халифатының мәдени және саяси орталығында өткізген. Мұнда ол ғылым мен тілдің түрлі салаларын зерттеді. Сонымен қатар, Бағдатта аудармашылар мектебі жұмыс істеді, онда Аристотель, Платонның еңбектерін зерттеді. Онда ол ежелгі грек философтарының еңбектерімен танысып, Шығыс перипатетизмінің негізін қалаушылардың бірі - Аристотельдің беделіне негізделген ортағасырлық араб тілді мұсылман философиясының негізін қалаушылардың бірі болды. Шығыс философы Аристотельден кейін "екінші ұстаз" деген атқа ие болды.

#### **Әл-Фараби бойынша «Білім дегеніміз не?»**

Шын мәнісінде, білім – бұл Әл-Фарабидың маңызды әлеуметтік философиясының жүйесі. Ол адам жанымен айналысады, және адам жастайынан өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезінуін қадағалайды. Білімнің мақсаты – адамды жетілдіру, адам осы үшін жаратылған, яғни, адам әлем бақыты үшін мақсатқа жетуі тиіс. Әл-Фараби бұл сұраққа жауап беру үшін үлкен көлемдегі техникалық терминдерді қолданған: тәртіп (та'Диб), білім беру (tahdhib), басшылық ету (tasdid), нұсқаулық (та'Лим), жаттығу немесе оқыту (иртияд), білім берудегі тәрбие (тарбия).

Оның пайымдауынша, жақсы әдеп және мәдениет (Адаб) - «барлық жақсы қасиеттердің үйлесімі», яғни, нағыз тәрбиенің мағынасы осы сөздерде.

Сонымен қосы, тәртіп - бұл "адамдар арасындағы адамгершілік қасиеттердің қалыптасу жолы". Нұсқаулық (та'Лим) - бұл "халықтар пен қалалар арасында жақсы көзқарас қалыптастыру". Әл-Фараби нұсқаулық пен тәртіпті бөліп қарастырады. Біріншісі – теориялық мәдениетке ие болу жолы, және ол көбінесе ауызекі сөйлеу арқылы жүзеге асады. Ал екіншісі – этикалық іс-әрекет қалыптастырады және техникалық, практикалық тәжірибелерді бойға сіңіруге көмектеседі. Сондықтан, олар бір-бірінен мүлдем бөлек дүние болып есептеледі. Алайда, Әл-Фараби бұндай бөлуді міндетті деп келтірген жоқ, және ол «оқытуға қосылған тәртіп» анықтамасын ұсынды.

Әл-Фараби білім беруді «кәсіби» және «жалпы» деп бөледі. Негізінен, бұл – «тек демонстрация арқылы жүзеге асады». Осындай тұрғыдағы нұсқаулық, қоғамда қалыптасқан жалпы көзқарастармен өзін шектемейтін «зияткерлерге» бағытталған, себебі азаматтар арасындағы сияқты кез келген ұлтта «зияткерлер» мен жалпы қабылданған көзқарастар бар. Қоғам - өзінің теориялық білімінің аясында ғана шектеулі, көпшілікпен қалыптасқан көзқарастарға бағанышты адамдарды «көшбасшы» ретінде көреді. Дәл осы себептен, білім бері әдісі бұл – «сендіру мен ситапаттау әдістері қарапайым адамдар мен көпшілік халықты оқыту үшін қолданылады», ал демонстрациялық әдіс «зияткерлердің» бір бөлігі болу үшін бағыттаушы болып саналады.

Әл-Фарабидың ойынша, білім - адам бойындағы туа біткен қабілеттер негізінде құралады, ол бұл қабілеттерді «табиғи» деп атайды, басқаша айтқанда «адам бойындағы күш».

Әл-Фарабидың Платоннан ерекшелігі – ол сенсорлық қабылдаудың негізін салған. Ол сезімді «адам жанының жүретін жолы» деп сипаттайды, яғни «адам жаны білімге ие». Осылайша, білім алу сезінуден басталады, содан кейін қиял арқылы зияткерлік көрініске айналады. Білім өз бастауын сезімнен алады. Әл-Фараби Аристотельдің демонстрация кітабына назар аударған, ол жерде Аристотель: «Сенсорлық қабілетін жоғалтқан адам білімді де жоғалтады» дейді.

Қиялдың бір функциясы – сенсорлық қабілеттерде сақталған көріністердің соңында интеллектуалды игіліктерге айналатындығында. Оның ойынша, сезім – тек қана ақылдың құралы, ал ақыл – сана-сезімнің әлеуеті.

#### *Оқыту әдістері*

Әл-Фарабидың ойынша, оқыту әдістері қоғамда болып жатқан жағдайларға сәйкес болуы тиіс. Білім алу, оның көзқарасы бойынша мемлекеттегі барлық адамға қажет, себебі, білімсіз ешкім бақытқа жете алмайды. Сонымен, егер білім барлығына қолжетімді болса, онда оқыту әдісі арналған топқа сәйкес бейімделуі тиіс. Екі енгізгі әдіс бар: сенімге негізделген қарапайым халықтың жолы; ал екіншісі демонстрацияға негізінделген жол. Оқу әдісі оқу материалы құралдарына байланысты түрлендірілуі мүмкін. Осылайша, теориялық тұрғыда білім беру бұл – демонстрация, ал практикалық білім беру бұл – өнер мен қолөнерге сендіру арқылы жүзеге асырылады. Демонстрациялық жол сөйлеу арқылы жүзеге асады. Осылайша, Әл-Фараби теориялық білім мен практикалық білімді ажыратты.

Платонның нұсқаулығына сүйене отырып Әл-Фараби диалог пен дебат әдістерін қолданған. Қарама-қайшы идеялар ұсыну сезімдік қабылдау әлемінен шығып, интелленция әлеміне кірудің жалғыз жолы болып табылмайды. Оқу үрдісінде бақылау мен диалогтың маңыздылығын атап өтіп, екі аспектіні келтірді: аргументация әдісі мен дискурс әдісі. Осы екі әдіс жазбаша да, ауызша да түрде қолданылуы мүмкін. Қарапайым адамдармен сөйлескен кезде қолданылатын әдістер дәл осындай болуы керек.

Дискурсивті әдістің мақсаты – айқындыққа жетпей сендіру, бұл дәл дәлелдеуді талап етпейді. Ал демонстративті әдістің мақсаты – дәл дәлелдемелер алу.

Талқылау әдісіне келетін болсақ, бұл өз идеясын соңына дейін жеткізіп, сөзінің растығына қарсыласының көзін жеткізу. Бұл әдіс қыңыр адамдар үшін қолданылады. Әл-Фараби қолданған дискурстың тағы бір түрі – «ғылыми дискурс», кез-келген зат туралы ғылымға қол жеткізу немесе алынған жауаптар арқылы ғылыми миселернің шешімін табу. Әл-Фараби өзінің «Аль-Альфаз» кітабында жоғарыда айтылғандардың барлығын жинақтайды. Бағыт беру екі аспектіден тұрады: сөйлеуге негізделген тыңдау немесе оқыту тәсілі және де еліктеу тәсілі.

Қысқаша айтқанда, Әл-Фараби үшін тәлем беру элементтерін келесідей жинақтауға болады: ақылға оның мәнін орнатып, бір нәрсені түсінікті ету – бұл түсінікті қабылдау. Қабылдау екі тәсілмен жүргізіледі: философиялық көзқарас бойынша демонстрация және діни әдіс болып табылатын – сендіру.

Сонымен қатар, Әл-Фараби бостандық жолы мен құлдық жолын бағыну туралы ой қозғайды. Мойын сұну – бұл бостандық, ал мәжбүрлеу – құлдық және бағыну. «Таяқтың екі ұшы» болатындығы сияқты, адамдардың екі түрі болады, біріншілері өз еркімен тәртіпті болуды қабылдайды, ал екіншілері қысым көру арқылы тәртіпке келеді. Біздің уақытымызда да дәл осындай жағдай, жұмсақтық пен сендіру арқылы тәртіпке келетін балалар бар, сонымен қатар қаталдықпен тәрбиелейтін

балалар да баршылық. «Тәрбие» үшін барлық жауапкершілік тәртіпті орнатушыға артылады. «Монарх – бұл халықты тәртіпке келтіретін және үйрететін адам.»

Әл-Фараби «жатқа оқыту» деген тағы бір әдісті көрсетеді, ол оны екі бөлімге бөледі: біріншісі – тыңдаушы сөздер мен сөйлемдерді үйренгенше қайталайды, мысалы, тілді үйрені, Құран мен әндерді үйрену. Екіншісі – тыңдаушы бойына сөздер мен сөйлемдердің мағынасын жеткізу арқылы оқыту.

Әл-Фарабиден «түсінік пен есте сақтаудың қайсысы жақсы?» деп сұрағанда, ол: «Түсінік есте сақтаудан жақсы, себебі түсінік негізгі сөздермен, сөйлемдермен байланысты, түсінуде барлық бөлшектер қарастырылады, адам түсіну арқылы толықтырулар жасай алады, материялар арасында салыстырулар жүргізе алады, жалпы түсіну – адамды алға жетелейді. Сондықтан, түсіну есте сақтаудан әлдеқайда жақсы».

### **Ұстаз және шәкірт**

Әл-Фараби мұғалім үшін адамгершілік пен оқу жағдайларын белгілейді. Ұстаз - жақсы мінезді, еркін ойлайтын және тек шындыққа ұмтылғыш болуы тиіс. Білім мен адамдарға білім беруге ешкім жалға алынбауы керек, бұл жерде өз қалауымен және логикалық өнерге үйренген адам жұмыс жасауы тиіс.

Мұғалімге сәйкес келетін басқа да ғылыми және білім беру алғышарттары: өз мамандығының негіздері мен ережелерін меңгеру, көрсетуге болатын барлық нәрсені көрсете алатын қабілеті, өзі білетін нәрсені басқаларға жеткізе алу, кез-келген бұрмаланушылықтан аулақ болу.

Сонымен қоса, Әл-Фарабидың пайымдауынша, оқушы негізгі үш қасиетке ие болу керек: түсініктерге жету және олардың мәнін білу, өзі жеткен түсініктің бар екенін қабылдау, өзі жеткен және қабылдаған түсінікті сипаттай алу. Әл-Фараби бұл үшеуін (оқыту тәсілдері) деп санайды, және бұларды біріктіре алған адам – шын мәнінде ұстаз бола алады. Әл-Фарабидың ойынша, оқушы әрдайым шыдамсыз болуы керек, ол әрқашан оқуға ұмтылу үстінде болу керек. Әл-Фараби кішкентай су тамшысын мысалға алады, су тамшысы уақыт өте келе тастың жоқ болып кетуіне әсер ете алады. Оқушы білім алуда ешқандай ағаттық жасамауы керек, білім алу кезінде оның көңілін бөлмеген жөн. Бір мезгілде көп заттарға назар аударған адам, өз ойын жинақтай алмай қалуы мүмкін. Білім алу өте көп уақытты қажет етеді.

Егер оқушы кітап бойынша өз бетінше оқығысы келсе, Әл-Фараби оған өзіне ұнаған кітаптан бастауын сұрайды. Сол кезде оқушы кітаптың мақсатын, құрылымын және әлемге деген кітаптың көзқарасын анықтай алады.

### **Оқу жоспары**

Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін, кез келген жаста білім беру белгілі бір жоспарға сай жүргізілуі тиіс, ол адамға өз халқының мәдени мұрасы жайлы білуге, екінші жағынан өз сана-сезімін жетілдіруге және сыни көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Әл-Фараби - әлемдегі ең ықпалды адамдардың бірі болып саналады, ол оқуды тек ғылым мен білім бойынша жіктемей, тәрбиелік мәнін де тізбекке қосқан алғашқы мұсылман философ. Әл-Фараби үшін бұл тізбек келесідей:

- Оқыту тіл мен оның құрылымынан, яғни грамматикадан басталуы керек, сондықтан оқушы тілдің не екенін білуі керек.
- Ол бұл тілде сөйлейтін адамдар сияқты өз ойын көрсете білуі керек.
- Басқаларды түсіне білуі тиіс. Егер ондай жағдай болмаса, ол өз дамуын жалғастыра алмайды. Бұл өнерді меңгеру, жадпы тіл, басқа білімдердің негізі болып табылады, және ол міндетті түрде керек.

Әл-Фараби тілдің бағасын білген, себебі өзі бірнеше тілде сөйлеген, бұл оған әртүрлі мәдениет пен тілдерді салыстыруға көмектесті.

Тілдерден кейін – логика, ғылым құралы мен олардың әдіснамасы, ол дыбыстық бейнелеуге әкеледі.; және ол тілмен тығыз байланысты. Сонымен қатар, «логика» араб сөзі вербалды өрнек сияқты зияткерлік процедураларды қамтиды. Сондықтан, оның пікірінше, логика арқылы ойды қалыптастыру тілден кейін тұр.

Логикадан кейін мұсылман философтары «ілім» деп атайтын математика тұр. Әл-Фараби арифметиканы білім сатысының маңызды баспалдағы болғандықтан, бірінші орынға қояды.

Теориялық ғылымдар: «теориялық өнерді үйренгісі келетін кез келген адам алдымен сандардан бастайды, содан кейін шамаларға, кейін сандардан шығатын басқа да заттарға көшеді». Оптика, астрономия, жаратылыстану ғылымдары математиканы қажет етеді, ал арифметика – оның негізгі құралы болып табылады.

Қысқаша айтқанда, Әл-Фарабидың оқу бағдарламасы ғылымдар тобымен шектелген, олардың жіктелуі келесідей: тіл ғылымы, логика, «ілім» (математика), жаратылыстану, теология, азаматтық құқық, юриспруденция және академиялық теология.

Оның ойынша, адамның жаны жаратылыстану ғылымдарына жатады, және ол метафизикалық аспектке ие.

Әл-Фараби Феосфорттың ізбасарларымен қабылданған тағы бір теорияны алға тартады, бұл теория бойынша білім түйіннің қалыптасуынан басталады. Яғни, өз ойынын түйіндей алмайтын адам, ешқандай ғылымды дұрыс меңгере алмайды.

Әл-Фараби философиясының элементтері әлі күнге дейін өзекті болып келеді, әсіресе, оның математикаға, жаратылыстану ғылымдарына, эксперименттік әдістеріне деген көзқарастарына үлкен мән берілуде. Тіпті, араб тілі білім саласында, әсіресе философияда үлкен жетістіктерге жетуде. Заманауи білім беру жүйесінде интеллект, этика, эстетика – алғашқы орынға қойылуда.

Әл-Фараби үшін, Философия – ғылымдар патшасы.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Аль-Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата, 1970
2. Нысанбаев А.Н. Развитие фарабиеведения в Казахстане: итоги, проблемы и перспективы.
3. Аль-Фараби. Математические трактаты. Алма-Ата, 1973
4. Аль-Фараби. Истико-философские трактаты. Алма-Ата, 1985
5. Кенисарин А.М., Нысанбаев А.Н. Становление историко-философских идей в учениях Аристотеля и Аль-Фараби.

## **УДК 37.026**

### **СТРУКТУРИРОВАНИЕ УГЛУБЛЕННОГО УЧЕБНОГО МАТЕРИАЛА В ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ К ОЛИМПИАДАМ ПО ХИМИИ**

Кадырменова А.Б., студентка 3 курса специальности 5В011200-Химия

Научный руководитель: Чернявская О.М.

*Костанайский государственный педагогический университет им. У.*

*Султангазина, г. Костанай*

Аннотация. Одним из главных противоречий нынешнего образования считается сопоставление довольно быстрого увеличения объема информации и формой